

"Қазақстан Республикасының Су кодексіне жергілікті өкілді, орталық және жергілікті атқарушы органдар арасында ауызсумен жабдықтауды субсидиялау жөніндегі өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 25 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 13 сәуірдегі № 80-ө өкімі.

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының Су кодексіне жергілікті өкілді, орталық және жергілікті атқарушы органдар арасында ауызсумен жабдықтауды субсидиялау жөніндегі өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 25 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

- 1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;
- 2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық актілерді қабылдасын және келесі айдың 10-күнінен кешіктірмей қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігін хабардар етсін.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі тоқсанның қорытындысы бойынша ұсынылған ақпаратты жинақтасын және келесі тоқсандағы айдың 20-күнінен кешіктірмей қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2021 жылғы 13 сәуірдегі
№ 80-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының Су кодексіне жергілікті өкілді, орталық және жергілікті атқарушы органдар арасында ауызсумен жабдықтауды субсидиялау жөніндегі өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 25 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

Р/ с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актінің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам
1	2	3	4	5	6
1.	"Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 936 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИИДМ	2021 жылғы сәуір	Қ.А. Өскенбаев
2.	"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЭГТРМ	2021 жылғы сәуір	С . С . Қожаниязов
3.	"Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 161 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы	ИИДМ	2021 жылғы сәуір	Қ.А. Өскенбаев
4.	Ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығы	ИИДМ, ҰЭМ	2021 жылғы сәуір	Қ.А. Өскенбаев
5.	"Сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл	Қазақстан Республикасы Экология, геология және	ЭГТРМ		

	шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 19-3/297 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	табиғи ресурстар министрінің бұйрығы		2021 жылғы сәуір	С . С . Қожаниязов
6.	Ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы	облыстар мәслихаттарының шешімдері	облыстардың ЖАО	тізбенің 4-тармағында көрсетілген құқықтық акті бекітілген соң екі айдың ішінде	облыстардың әкімдерінің жетекшілік ететін орынбасарлары
7.	Ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды оқшау сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы	облыстар әкімдіктерінің қаулылары	облыстардың ЖАО	2021 жылғы сәуір	облыстардың әкімдерінің жетекшілік ететін орынбасарлары

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

ИИДМ – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЭГТРМ – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі